

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**қашықтықтан оқыту кезінде қыздар жиналысын ұйыдастыру барысы**ЖАРИЯЛАНДЫ  
29.10.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/84000/>

Формат: сырласу сағаты.

Тақырыбы: « Қыз бала тәрбиесі халықтың ең қымбат байлығы»

Мақсаты: қыз баланың ұлт келбеті,көркі екенің бойына сіңіре отырып ,әдеп пен сыпайлық,білімді де білікті қыз баласын тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайд.

Платформа: ZOOM

Жоспары:

I. Кіріспе.

II. «Кел,сырласайық»

III. Сұрақ -жауап

IV. Қорытынды.

Өту барысы:

I. Кіріспе.

Қыз сұлу көрінеді қылығымен,

Жарыса боймен қос бұрымымен

Бұл күнде сұлулықтың үлкені осы,

Қыз сұлу көрінеді білімімен,-дей келе, бүгінгі тәрбие сағатымыз « Қыз бала тәрбиесі халықтың ең қымбат байлығы»онлайн жиналысымыз өтеді.

Ұрпақ жалғастығын бәрінен жоғары қою әлемнің өзге елдерінде сақтала бермейтін дәстүр. Жасыратыны жоқ, қазірде қызды тәрбиелеуде ұлттық тәрбие негізінен алшақтап барамыз. Қыз баланы қалай тәрбиелеп жүрміз осы?

Ата-бабамыз қызға «қонақ» деп төрден орын беріп, парасаттылыққа баулып өсірген. Қазекем өрісін кеңейтер қыз баланың тәрбиесін басты назарға алып, сыпайы, ізетті де ісмер, қылықты болуын қадағалап отырған. Еркін ұстаған, бірақ тым еркелетпеген. Қызға «жат жұрттық» қонақ ретінде жас күнінен отбасының бірлігін сақтаушы, қара қазанның иесі, үйдің ұйытқысы ретінде тағылымды тәрбие берген. «Қызым үйде – қылығы түзде» демекші, оның жүріс-тұрысы мен киім киісі – тәрбиенің негізі. Мойындау

керек, кейбір ата-ананың баласымен араласуға да уақыты жоқ. Күн көрістің қамы дейміз бе, жоқ әлде жұмысбастылықтан ба бала тәрбиесіне көңіл бөлу азайғандай. Міне, қоғамымызға өз қолымыздан келеңсіз жағдай тудырып алдық.

## II. «Кел, сырласайық»

Қыздарға суреттер көрсетіледі. Берілген суреттерге қыздар өз ойларын ашық айтады. Қыз балалардың қазіргі кездегі әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігіне байланысты ой талқылау.

«ТікТок» видео түсіруге арналған сервис. Оны көбіне көңіл көтеру мақсатында жастар қолданады. Әйтсе де Тик Токтан пайда тауып отырған жандар бар. Оның кейбір адамдарға пайдасы бар. Кейбір қыздар одан ақша таба алады.

Оған қоса зардабы бар. «Атын шықпаса жер өрте» дегендей жас ерекшелігіне, қазақ қызының тәрбиесіне жатпайтын видеолар түсіреді.

Қыз бен жігіттің достық, махаббат қатынасы. Оның зардабы бар. Ол ерте жүктілікке әкеліп соғады. Ерте жүктілік ата анамызды ұятқа қалдырады. Жігітпен жақын қатынаста болсақ ерте есеміз, ол біздің организмізге зияны бар. Әлеуметтік желіде танысудың да қыздарға зиян. Әлеуметтік желіге фото, үйдің мекен жайын салуға болмайды.

Етеккірдің басталуы қыз баланың жеке бас гигиена ережелерін қатаң ұстануын талап етеді. Әдетте, дені сау, спортпен шұғылданатын, жақсы тамақтанатын қыз баланың етеккірі ауырлық туғызбай, жақсы өтеді.

- Етеккір кезінде ауыр физикалық жұмыстар жасамаған дұрыс. Қыз бала ауыр зат көтермегені жөн.
- Етеккір кезінде сыртқы жыныс мүшесін таза ұстағаны маңызды.
- Қыз бала жыныс мүшесін алдынан артқа қарай жылы сумен жууы керек.
- Жыныс мүшесін тәулігіне кем дегенде екі рет жуу керек.
- Етеккір кезінде ваннаға, бассейн, өзен, көлдерге суға түсуге болмайды. Өйткені менструация ауру тудырғыш микробтарға жол ашады да жыныс мүшесінің қабынуына әкеледі.
- Етеккір кезінде булы моншаға түспеген дұрыс.
- 

Қыз баласы әдемі киіну керек. Ол қыз балаға жарасымды, қасымызда жүрген ұлдарға ерсі болмау керек. Қазіргі кездегі мектеп формасы сәнді, ыңғайлы жасалған. Мектеп қабырғасында жүргесін қыз бала жинақы болу керек. Жас ерекшелігіне байланысты киіну қажет.

## III. Сұрақ - жауап

Жиналысқа қатысып отырған мектеп директоры, тәрбие жөніндегі орынбасар, қыздар ұйымының жетекшісі, мектеп психологі оқушы қыздардың сұрағына жауап береді. Оқушылар кез келген өздерің мазалап немесе қызықтырып сұрақтарды қоя

алады.

IV. Қорытынды.

Тілейміз жақсылықты баршаңызға,  
Тұрмасын сұрғылт бұлттар аспанында,  
Қыздарымыз құлпырып қызғалдақтай  
Мәңгілік жүріңдерші ортамызда.- деп бүгінгі қыздар жиналысымызды аяқтаймыз.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.